



# ПРИОЗЁРСКИЙ

№47/535

24 ноября 2017 года

газета издаётся с 26.06.2004 года

## Вестник

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ КҮНІМЕН! С ДНЁМ ПЕРВОГО ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН!

#### Құрметті әріптестер, қала тұрғындары және қонақтары!

Баршаңызды дәстүрлі мемлекеттік мереке – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Айтулы күннің барша халқымыз үшін маңызы мен мазмұны ерекше екендігі сөзсіз. Бұл - ғасырлар тоғысында ата-бабалар аңсаған асарлы әлем Азаттықтың алауын жағып, Тәуелсіздіктің тұсауын кескен, қазақ жұртын әлемге бейбітсүйгіш ел ретінде танытқан Елбасының таққа отырған, Алаш баласының басына бақ орнаған күн болып тарихта қалатыны шындық. Сондықтан да бұл мейрамның сыры да, сипаты да бөлек.

Осыған байланысты төзімділікке, әлеуметтік әділеттілікке және сенімге негізделген қоғамдық-саяси дамудың қазақстандық үлгісі көптеген тұрақсыз елдердің еліктеуіне үлгі бола алатыны айдан анық.

#### Қадірменді жерлестер!

Баршаңызды Қазақстан тарихында еркіндік пен мемлекет қуаттылығының басты нышаны болып табылатын осынау айтулы мерекемен құттықтай отырып, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі жолындағы еңбектеріңізге толағай табыс, отбасыларыңызға амандық және өмірдегі бар ізгілікті тілейміз!

#### Ізгі тілекпен:

Қала әкімі  
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин  
Б.Сәрсембеков

#### Уважаемые коллеги, жители и гости города!

От всей душой поздравляем Вас с знаменательным праздником – Днем Первого Президента независимого Казахстана!

Безусловно, эта дата символизирует торжество казахстанской модели политического и экономического управления, жизнеспособность и уникальность которой испытана временем и подчеркнута всеми странами глобального партнерства.

Многогранная деятельность Главы государства, его неустанный труд во имя процветания страны достойны самой высокой оценки. Под руководством Первого Президента Казахстан обрел мировую известность и авторитет, как миролюбивая страна, отказавшаяся от ядерного оружия и сформировавшая уникальную модель межэтнической и межконфессиональной толерантности, главным богатством и достоинством которой являются общественное согласие и единство народа.

#### Дорогие, земляки!

От чистого сердца поздравляем Вас с Днём Первого Президента Республики Казахстан. Желаем Вам семейного благополучия, крепкого здоровья и счастья. Пусть все наши начинания будут результативными, а будущее - светлым!

#### С уважением:

Акима города  
Секретарь маслихата

К.Камзин  
Б.Сәрсембеков

## ҚАЗАҚТЫҢ БАҒЫНА БІТКЕН...

Тұңғыш Президент күні – бұл тарихи таңдау күні және барлық қазақстандықтардың Ұлт көшбасшысының күні. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың төңірегіне топтасу күні. Ол Тәуелсіздік пен бостандықтың игі мұраттарын баянды етіп, өркениетті елдерге тән қадамдар жасауда ел алдындағы саясаткерлік, қайраткерлік, азаматтық және перзенттік парызын адал орындап, әлемдік беделге ие болған. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенттің ел тәуелсіздігін нығайтудағы, халықаралық аренада мемлекет беделін көтерудегі еңбегіне ризашылық білдірген хаттар келіп, төрткүл дүниеде журналистер қауымы жарыса жазуда хәм әділ бағаларын беруде. Қазақтың бағын жандырушы, алаш балаларының маңдайына біткен жарық жұлдыз іспеттес тұлға.

1992-жылдың 28-қыркүйегі мен 4-қазаны күндері менің есімде мәңгі қалған күндер. Себебі сол күндердің бірінде Президентпен екі рет қол алысып және осы құрылтай барысында дүниежүзі қазақтарының өкілдері шетелдерде жүрген қазақтарды тарихи Отанына көшіріп алуға байланысты еліміздің тұңғыш Президентіне қолқа салған болатын. Н.Ә.Назарбаев қандастарымыздың орынды бұйымтайын жерге тастамады. Арадан бірнеше күн өтпесімен-ақ бас газетіміз «Егемен Қазақстанда» Президенттің дүниежүзі қазақтарына арнаған Үндеуі жарияланды. Бұл жиырмасыншы ғасырдың соңғы жағындағы аса құнды құжат әрі тарихи оқиға болатын. Содан бастап Өзбекстан мен Монғолиядан ұлы көштің алғашқы легі лықсып берген еді. Бұл жерде Елбасының еңбегін ерекше атап өтуге тиіспіз. Бүгінге дейін миллионнан астам қазақ шетелдерден көшіп келіп, еліміздің әр аймақтарына қоныс тепті және алдыңғы толқын көштің осында келгендегі ұрпақтары өсіп, жетіліп, білім алып еңбекке, қызметке араласып кетті. Соның бір мысалын өзіміз өмір сүріп жатқан қаладан да көруге болады. Қаладағы қай мекеме, кәсіпорын,

әскери бөлімдер мен Ішкі істер бөлімі, мемлекеттік мекемелерге барсаңыз, жастардың біразы осы қалада дүниеге келген ұрпақтар. Қаншама жастарымыз бүгінгі таңда жоғары және арнаулы білім ордаларында білім алуда хәм олар да жуық арада қатарымызға қосылатын болады.



Енді қысқаша Тұңғыш Президенттің өмір тарихына тоқтала кетейік: Елбасының балалық шағынан бозбалалық шағына дейінгі дәуірі Алматы облысының Шамалған ауылында өтті. Сол кезеңдегі көптеген қиындықтарды басынан өткерді. Кедейліктің, сол заманғы қиындықтың ащы дөмін татты. Жер аударылып келген шешен, орыс, украин, чуваш т.б. халықтарымен бір нанды бөлісіп жеп, тату-тәтті өмір сүрді. Оның білімге құштарлығы сол балалық шағында-ақ қалыптасты. Бір естелігінде: «әдетте мені мектепке баруға әтештің шақыруына қарай оятатын. Сағат дегеніңіз атымен болмайтын. Ұйқылы көзбен қалың қарды омбылап, алты-жеті шақырым жол жүріп мектепке жететінмін. Жеткен кезде кейде сағат әлі бес не алты

болып шығатын», - дейді. Өте еңбеккер, мінезі де өте жақсы, биязы, мейірімді, көмекке зәрулердің әрдайым қасынан табыла кетеді екен. Үйге берілген тапсырмаларды түнделетіп болсын, шамның жарығымен оқитын болған. Өнерге жақын болған бала Нұрсұлтан домбыра, аккордеон, баянда ойнап үйренген, ән

езгісінде тапталған қалың бұқараның еңсесін көтереді. Ал біздің қазақтағы Н.Ә.Назарбаев сондай тұлғаның бірі. Осындай ұлт бақыты үшін туған азаматтың қайраткерлігі, сезімталдығы, көрегендігі, нені қолға алса да жүз ойланып, мың толғанып шешім жасайтын қасиеті ұнайды. Сайланған күннен бастап бүгінгі күнге дейінгі дамудың өркениеттің жолына түскен халқымыз ел өміріндегі бар жақсылықтарда, әр саладағы сәтті қадамдарда Елбасы есімімен тікелей байланыстырып келеміз. Бұл – шындық. Қазақ елін халықаралық аренада елу елдің қатарына еңгізіп, дамыған елдермен иық текетірес алатындай дәрежеге жетті. Елбасының осы жылдар ішінде еңбектерін ауыз толтырып мақтана айта аламыз. Қазақстан Республикасының астанасын Алматыдан Астанаға көшіруінің астарында нағыз саясаткерлік шеберлігін көрсетті. Себебі, сол кезде солтүстік-шығыс жақтағы қазақтар Ресейге қосыламыз деп бүлік шығарған еді. Сондықтан қазақтарды біріктіру мақсатын көздегені анық байқалады. Бір күнде және әлі экономикамыз әлсіздеу кезеңде Астананы көшіру деген, әркімнің қолынан келе бермейтін ауқымды іс еді. Сонда Елбасының табандылығы мен көрегенділігіне таңдай қаққаннан басқа шара жоқ. Бұл мақсаты жүзеге асты да Екіншіден, Қазақстанда экономикада өзгеріс енгізіп, демократиялы ел болдық.

Қорыта айтқанда, Нұрсұлтан Назарбаев – ғасыр тұлғасы, елінің жанын ұғатын, халқын замана көшімен аман алып келе жатқан қамқоршы басшы. Айналасына нұрын төккен, жылу шашқан Нұрсұлтан Назарбаевтай тұлғалардың қоғамдағы алар орны ерекше. Елбасының бергенінен әлі де берері мол екеніне көміл сенеміз. Елбасыға тілеріміз, көк туымызды биіктерде желбірету жолындағы еңбегі жана берсін!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы  
тілшісі.

#### 1-желтоқсан – Тұңғыш Президент күні



## ДАЙДЖЕСТ КАЗАХСТАНСКОЙ ПРЕССЫ

## “ХОРОШО, ЧТО НАРОД НАШ С ЮМОРОМ”. БОЗУМБАЕВ О ЦЕНАХ НА БЕНЗИН И ЧЕТВЕРТОМ НПЗ

Директор центра прикладных исследований "Талап" Рахим Ошакбаев взял большое интервью у министра энергетики РК Каната Бозумбаева.

**Рахим Ошакбаев: Наши читатели интересуют простые вопросы. Почему мы - нефтяная страна, но у нас периодически не хватает бензина? Почему мы не можем производить высококачественный бензин в достаточном объеме?**

**Канат Бозумбаев:** Это те вопросы, которые нам задают жители страны, потребители нефтепродуктов. Задают как онлайн, так и пишут письма. В целом я бы хотел начать с баланса производства нефтепродуктов в Казахстане. У нас есть проблема, имеющая исторический характер. 70 процентов бензина мы производим сами, 30 процентов завозим извне. Также мы вынуждены импортировать 10-15 процентов дизельного топлива. То есть внутреннего производства, на самом деле, не хватает.

**Рахим Ошакбаев: Почему?**

**Канат Бозумбаев:** Казахстан получил в наследство от Казахской ССР три крупных нефтеперерабатывающих завода. До 2012-2013 годов эти заводы удовлетворяли внутренний спрос на горюче-смазочные материалы в полном объеме, в первую очередь на бензин и дизельное топливо.

**Рахим Ошакбаев: Потом выросло потребление?**

**Канат Бозумбаев:** Да. И заводы перестали покрывать потребность.

**Рахим Ошакбаев: То есть внутреннее предложение отстает от растущего спроса?**

**Канат Бозумбаев:** Да. В связи с этим в 2013 году и был поднят вопрос - строить ли четвертый НПЗ или заниматься модернизацией существующих.

**Рахим Ошакбаев: Разве нельзя делать это параллельно? Или это взаимоисключающие вещи?**

**Канат Бозумбаев:** У нас на сегодня действуют 36 НПЗ, включая мини-НПЗ. Приходится порой слышать такое мнение, что надо загрузить эти мини-заводы, и тогда все у нас станет в "шоколаде".

Я вам скажу, что это не так. К сожалению, структура продукции, выпускаемой мини-НПЗ, ее качество весьма примитивны. Они способны производить только темные нефтепродукты. Лишь два мини завода удовлетворяют требованиям по производству светлых нефтепродуктов - бензина и дизельного топлива. В остальном мини-НПЗ производят мазут и другие темные нефтепродукты, которые затем экспортируются как полуфабрикат в другие страны...

**Рахим Ошакбаев: Значит, мини-НПЗ - не решение проблемы. А решило бы ее строительство четвертого крупного НПЗ?**

**Канат Бозумбаев:** Безусловно, это решение вопроса. Та программа модернизации наших НПЗ, которая была принята в 2013 году, затянулась, весь процесс. Сейчас она близка к завершению.

Думаем, что к концу текущего года два наших завода - Павлодарский и Атырауский - должны закончить работы по модернизации. Если "Казмунайгаз" не подведет и выполнит взятые на себя обязательства, то Павлодарский НПЗ в декабре этого года должен начать выпускать обновленную и полноценную линейку продукции. За ним и Атырауский НПЗ - со второй половины декабря.

После этого можно будет сказать, что модернизация двух НПЗ завершена, а производственные мощности, глубина переработки нефти существенно улучшены.

**Рахим Ошакбаев: Как и насколько тогда изменится баланс производства, предложения?**

**Канат Бозумбаев:** При том же объеме переработки нефти мы будем получать значительно больше светлого парка нефтепродуктов, бензина и дизельного топлива.

К концу первого полугодия 2018 года должны быть окончены работы по второй части модернизации. В Шымкенте впервые будет построена установка каталитического крекинга, которая позволит увеличить глубину переработки и тем самым выпускать высокооктановый бензин.

Таким образом к концу 2018 года мы намерены добиться профицита бензина до одного миллиона тонн, закрыть всю потребность в дизельном топливе, а также удовлетворить спрос на авиакеросин...

**Рахим Ошакбаев: То есть у нас будет профицит и авиакеросина?**



**Канат Бозумбаев:** Именно. В настоящее время Казахстан потребляет 600 тысяч тонн авиакеросина ежегодно. После модернизации все три НПЗ должны производить 900 тысяч тонн...

**Рахим Ошакбаев: Резюмируя, хотелось бы услышать по сложившемуся исторически соотношению 70 на 30, где 70 процентов - внутреннее производство, 30 процентов - импорт. Как изменится баланс после модернизации, будет ли это так же - 70 на 30?**

**Канат Бозумбаев:** Во втором полугодии 2018 года при условии, что "КазМунайГаз", наконец, завершит все этапы модернизации Шымкентского НПЗ, а также модернизацию Павлодарского и Атырауского, а они близки к завершению, у нас будет профицит по бензину. То есть мы закроем потребность на 100 процентов, и еще будем производить до одного миллиона тонн сверх, если будет потребность в экспорте нефтепродуктов.

**Рахим Ошакбаев: 98-й бензин тоже?**

**Канат Бозумбаев:** Мы будем производить его, но не в таком большом количестве. Между 95-м и 98-м бензином не такая большая разница. Мы можем его выпускать, но спрос на него не такой большой. По дизельному топливу мы будем способны производить и летнее, и зимнее, и межсезонное. На сегодня зимнее топливо мы не производим вообще.

**Рахим Ошакбаев: И тоже с профицитом?**

**Канат Бозумбаев:** Да. Потребность в этом топливе будет удовлетворена на 100 процентов за счет собственных ресурсов.

... При этом хочу еще раз подчеркнуть, что профицит будет обеспечен в случае, если мы видим экспортные возможности. У нас есть традиционные рынки ГСМ - Средняя Азия - Узбекистан, Таджикистан, Кыргызстан, Афганистан и так далее, но там серьезная конкуренция с российскими производителями.

Так же и на нашем рынке. Не надо думать, что мы его закроем, поставим заборы, барьеры и огордимся. Речь идет об интеграции рынков в рамках ЕАЭС, и надо предполагать, что в ближайшие годы рынки будут полностью объединены.

Наши заводы будут конкурировать с российскими. Мы должны будем привести законодательство в соответствие тому, чтобы наши нефтепродукты были конкурентоспособными. Зачастую получается так, акциз на наш продукт значительно выше, чем на импортный. Поэтому нам необходимо их уравнивать, чтобы иметь возможность конкурировать на равных...

**Рахим Ошакбаев: Есть мнение, что разница в ценах на российский бензин и казахстанский кроется в разном налоговом обложении. Не могли бы Вы прояснить, так ли это?**

**Канат Бозумбаев:** Абсолютно правильно. Возьмем популярный бензин 92-й марки. В России он стоит в розницу 220-225 тенге. У нас - 160-170. Там, где импорт, - 170, где микс казахстанского с импортным - 160. Мы предполагаем, что в результате насыщения рынка к декабрю нам удастся несколько скорректировать цену в сторону понижения. В

стоимости остается у переработчиков, какая - у оптовых компаний, какая - у розницы?

**Канат Бозумбаев:** Ну, если грубо, обычно все операционные затраты заправки - 10-15 тенге. Если вы возьмете сейчас цены "КазМунайГаза", это 161 тенге, то, грубо говоря, 150 тенге - это оптовая цена, которая сейчас на рынке 92-го бензина при производстве в Казахстане. Это та цена, которую за свои услуги получают РД КМГ, плюс НПЗ, плюс "Казтрансойл".

...По расчетам, которые мы с "КазМунайГазом" делали, за баррель должны получать 50-60 долларов при поставке на внутренний рынок.

Поэтому мы думаем, что после модернизации у нефтяников значительно увеличится интерес по поводу поставок на внутренний рынок.

**Рахим Ошакбаев: Давайте поговорим по поводу роста потребления нефтепродуктов. Вот у нас 217 единиц автотранспорта на тысячу человек. Если мы берем за бенчмарк Европейский Союз, то у них в 2,6 раза больше. Соответственно, вы ожидаете дальнейшего роста потребления нефтепродуктов? И в этой связи, когда нам потребуются очередная модернизация нефтеперерабатывающих заводов или все-таки встанет вопрос по четвертому НПЗ?**

**Канат Бозумбаев:** Конечно, прогнозный баланс на ближайшие пять лет будем актуализировать и уточнять. Каждый год производство таких нефтепродуктов, как бензин и дизельное топливо, растет. Но и потребление растет, значительно выше.

Мы предполагаем, в ближайшие годы этот тренд сохранится. До пяти лет мы будем закрывать собственными ресурсами за счет трех модернизированных НПЗ. Но потом у нас опять четко встанет вопрос дефицита.

Поэтому уже в начале следующего года мы должны определиться, что будем делать - или четвертый НПЗ, или расширение мощностей Шымкентского НПЗ, что логично, так как это самый густонаселенный регион, потребление очень высокое.

Это зависит от разных факторов, в том числе близости к источникам нефти, воли инвестора, чтобы потребитель был недалеко.

**Рахим Ошакбаев: Нет худа без добра. Текущий топливный кризис в очередной раз показал, что необходимо иметь избыточные мощности с учетом того, что товар является стратегическим и возможны всякие неожиданности. Как и случилось.**

**Канат Бозумбаев:** Сентябрьский кризис показал слабость нашей системы в части того, что нам оперативно реагировать сложно.

Необходимо иметь стратегический запас, который должен быть либо у трейдеров нефтепродукта, либо у сетей. Мы введем нормативный акт, как вариант "А", который обяжет сети, нефтебазы страны иметь неснижаемые запасы, чтобы, если поставки прекратились, страна могла продержаться 30 дней.

Либо есть вариант "Б". Государство через систему хранения Министерства оборонной промышленности создаст свои запасы. И тогда в рамках действующего законодательства сможет расконсервировать и продать на рынке топливо по текущим ценам.

Эти два варианта мы рассматриваем. В предыдущие годы они не применялись. Мы посмотрели опыт других стран, хотим это сделать. В первом варианте, конечно, сетям будет тяжело хранить два месяца неснижаемый запас. Это приведет к отвлечению двухмесячных объемов оборотных средств, а деньги у нас в Казахстане дорогие. Поэтому мы будем рассматривать и выбирать варианты.

При этом мы не должны забывать про такой инструмент, как толлинг. Если какой-то НПЗ вышел из строя, то это возможность поставить на сопредельную территорию нефть - Россия, Китай, Узбекистан - переработаться, в исключительном случае, один месяц и увезти обратно.

Вот три инструмента. Это - хранение неснижаемого запаса сетями. Второе - хранение в госрезерве, не для нужд обороны, а как запас для рынка. И третий вариант - возможность выйти толлингом и получить свой продукт. В целом обстановка, которая была, обострила дискуссию по четвертому НПЗ, в том числе и в Парламенте. Мое личное

(окончание на стр.3)





ДАЙДЖЕСТ КАЗАХСТАНСКОЙ ПРЕССЫ

“ХОРОШО, ЧТО НАРОД НАШ С ЮМОРОМ”. БОЗУМБАЕВ О ЦЕНАХ НА БЕНЗИН И ЧЕТВЕРТОМ ННЗ

(окончание, начало на стр.2)

мнение: четвертый ННЗ - это наша перспектива.

Рахим Ошакбаев: Последний вопрос. Какую цену на бензин ожидать в следующем году? Вы озвучивали ранее свои прогнозы. Хотели бы Вы их обновить? И когда Вы озвучиваете цифры, есть ли у Вас расчетная модель, которая позволяет прогнозировать?

Канат Бозумбаев: Ценообразование на внутреннем рынке - сложный процесс, и прогнозы делать сложно. Но на недалекую перспективу, что касается декабря, могу сказать. С учетом того, что на ПНХЗ заработала установка каталитического крекинга и Павлодарский НПЗ четыре тысячи тонн 92-95-го бензина отгрузит, а Атырау - 2,6 тысячи и Шымкент - три тысяч, то доля российского бензина должна уменьшиться. Думаю, составит 20-25 процентов максимум.

И если нефтяники на внутреннем рынке не поднимут цены, это дает осторожный оптимизм говорить о том, что цена пойдет вниз, от отметки 161 тенге в сети КМГ, 162 тенге в сети Sinooil и так далее. Ожидаем, что снижение должно быть в конце ноября, начале декабря.

Этот тренд должен сохраниться в декабре и январе, если не случится ничего экстраординарного. Снижение потребления нефте-

продуктов в декабре-январе у нас отмечается ежегодно. Дальше будем зависеть от стоимости нефти на мировом рынке.

Нефтяники всегда привязывают цены поставки на внутренний рынок к ценам поставок на экспорт. Так происходит во всем мире. Часто задают вопрос: почему цена на нефть снизилась, а на бензин нет?

Хочу сказать, что, когда цена была, условно, 50 долларов за баррель на экспорт, на внутренний рынок поставляли по 30 долларов. Допустим, на внешнем рынке цена снизилась до 40 долларов. Что тогда, наши нефтяники должны снизить цену до 20 долларов соответственно, так что ли?

Нет же. Если бы цена на внутреннем рынке прямо коррелировалась с ценой на экспорт, грубо говоря, 50 долларов в Новороссийске, Одессе, минус транспортных туда, и получился внутренний рынок - тогда да. Если там снижение, то и у нас должно быть снижение.

Но казахстанские нефтяники поставляют нефть на внутренний рынок по цене раза в два ниже, чем мировая цена. Так происходит в любое время. Снижение на мировом рынке не всегда влечет снижение цен на внутреннем. К сожалению, это так. Если мы выровняем цены на внутреннем рынке с ценами на мировом, то это увеличит, наверное, двукратно цену на бензин и дизтопливо.

Когда я читаю в Интернете как нас ругают, иногда справедливо, в том, что

высокие цены на топливо, то надо сравнить. Есть рейтинги международных агентств, ежемесячные, ежеквартальные, сравнение с другими странами. Смотрел за октябрь. Казахстан занял 14-е место с конца по стоимости высокооктанового бензина. Всего в рейтинге 168 стран.

Критики могут сказать, что надо сравнивать с нефтедобывающими. Так вот, во многих нефтедобывающих странах бензин стоит дороже. Один доллар за литр в тех же ОАЭ и Саудовской Аравии.

Другой вопрос - покупательная способность. Она разная. В ОАЭ, Саудовской Аравии она выше, чем у нас. Но, с другой стороны, есть Узбекистан - у нас покупательная способность выше. Есть Кыргызстан, у них покупательная способность гораздо меньше, чем в Казахстане, но цена на бензин выше. На это могут сказать, что там нефти нет.

Тогда давайте какую-нибудь систему координат. Дискутировать, либо рынок, либо нет, либо распределение и субсидирование.

Рахим Ошакбаев: Самое главное, насколько я понимаю, произошел существенный поворот в регулировании рынка, когда цена на бензин перестала регулироваться, и к этому возврата не будет.

Канат Бозумбаев: Мы должны прийти к конкуренции и свободному ценообразованию, но также стремиться к транспа-

рентности.

Рахим Ошакбаев: В завершение - анекдот. В народе говорят, “когда цены на нефть растут, растет цена на бензин, потому что стоимость нефти выше. Когда цены на нефть падают, цена на бензин растет, потому что девальвация. Когда цена на нефть стабильна, цена на бензин все равно растет, потому что инфляция”.

Канат Бозумбаев: Есть круче анекдот. Министр энергетики вызывает к себе своего зама и говорит: “Ты понимаешь, почему цена на бензин поднялась?”. Тот отвечает: “Потому что себестоимость поднялась, из России импортировали и так далее”. А министр ему: “Объяснить я и сам могу. Я понять не могу”.

Хорошо, что народ наш, люди, воспринимают все с юмором. Хочу сказать, что ситуацию, которая была в сентябре с бензином, мы в октябре стабилизировали. Сейчас ситуация с бензином стабильная. С дизтопливом тоже. Импортом закроем свои внутренние проблемы. Ну а все остальное поправим совместно с “КазМунайГазом”.

источник: <https://tengrinews.kz> (Перепечатано с сокращением. Полный текст интервью - на сайте Агентства)

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҮРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Қазіргі кезде сыбайлас жемқорлық әлемнің кез келген елінде оның саяси дамуына байланысты, оның ішінде Қазақстанда да, әлеуметтік құбылыс ретінде өмірін жалғастырып келеді, ол тек ауқымдылығымен ғана ерекшеленеді. Сыбайлас жемқорлық – ел экономикасының көтерілуіне үлкен кедергі келтіріп отырған қоғамымыздың ең басты қауіп-қатерлерінің бірі болып табылады. Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндіреді. Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі сыбайлас жемқорлықпен күрес болып табылады.

Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлт жоспары – 100 қадам» ішіндегі 1-ші институттық реформасының «Кәсіби мемлекеттік аппарат құру» 13-ші қадамы: Жемқорлыққа қарсы күресті күшейту. Мемлекет басшысы 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауындағы бесінші басымдық – институционалдық өзгерістерге, қауіпсіздікке және сыбайлас жемқорлықпен күреске қатысты. Маңызды мәселенің бірі – сатып алу саласын жетілдіру. Мемлекеттік сатып алу жүйесін орталықтандырылған қызмет қағидаты бойынша Үкіметке енгізуге тапсырылды. Квазимемлекеттік секторда, табиғи монополия және жер қойнауын пайдалану салала-

рында да сатып алу шараларын өткізу әдістерін түбегейлі қайта қарастыруда. Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Әлеуметтік желінің, өзге де медиаресурстардың дамуы жағдайында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында оны жалпы жұртшылықтың жек көруі күрестің қуатты құралына айналуда тиіс.

Біздің елімізде қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама жұмыс істеуде, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V Қазақстан Республикасының заңдар және «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп қағидалары)» 2015 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Президентінің № 153 Жарлығы болып табылады, бірқатар бағдарламалық құжаттар іске асырылуда, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы функцияларды кешенді түрде іске асыратын арнайы уәкілетті орган құрылды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастық белсенді жүзеге асырылуда.

Қалалық қазынашылық басқармасы

бүгінгі күні Елбасымыздың Жолдауын, Қазақ-стан Республикасы Заңнамаларын басшы-лыққа ала отырып, өз жұмысын уақыт тала-бына сай ұйымдастырып келеді. Жыл басынан бері басқармада қызмет көрсетілетін 23 мемлекеттік мекеме қызметкерлерінің жалақылары мен әлеуметтік төлемдерін уақытында «Қазынашылық-Клиент» ақпараттық жүйесі арқылы құжаттары дұрыстығы тексеріліп, жеті сағат ішінде екінші деңгейдегі банкiлерге аударып, Жолдауда көрсетілген тапсырмалардың орындалуына өз үлесін қосып келеді.

Біздің басқармада сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Басқармада жоспарға сай құқықтық оқулар өткізіліп тұрады.

Қазіргі уақытта, 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы бекітілді. Стратегияның мақсаты мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалыс кез-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосферасын құру жолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ Қазақстанда сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету болып табылады.

Стратегиямен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай:

Ғасыр дертімен күрес

- мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану;
- қоғамдық бақылау институттарын енгізу;
- мемлекеттік сыңайлы және жеке меншік секторларында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жасау;
- құқық қорғау және сот органдарында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

2015 жылғы 14 сәуірдегі № 234 «Қазақстан Республикасының 2015 - 2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2015 - 2017 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес басқармада сыбайлас жемқорлыққа іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары арқылы тиісті жұмыстар белсенділікпен жалғасуда және мекеменің әр қызметкері мемлекетіміздің заңдарын бұлжытпай орындауға және насихаттауға белсенді қатысып келеді.

Т.Д.Манақов, қалалық қазынашылық басқармасының басшысы

АҚЫН КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ

Қараша айының басқы кезінде № 1 қазақ орта мектебіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы, ақын Маржангүл Қожабекқызы Хизированың тырнақалды туындысы – «Сейілтші, жүрек, мұңымды» атты жыр жинағы шыққан болатын. Өткен жұма күні аталмыш кітабының тұсаукесерін мектеп директоры Панар Жұмаханова бастаған әріптестері ұйымдастырып, өткізіп берді. Бұл игі шараға қаламыздағы № 2 мектептің және балабақшалардың, қалалық кітапхананың басшылығынан өкілдер, ақынның сынғытас және замандас дос-құрбылары, құрметті қонақтар құттықтау үшін келді. Тұсаукесер рәсімі Маржангүлдің өзі жетекшілік ететін, өткен жылы жұмысын бастаған «Жас ақындар мектебінің» шәкірттерінің «Мейірімділік әлемі жас ақындар көзімен» атты ісшараман басталды. Бұл шараның мақсаты – «Жас ақындар мектебі» мүшелері өздерінің мейірімділікке, достыққа, тәуелсіздік пен мектепке, ана тіліне арналып жазылған өлең-жырлары арқылы суреттеп, осы

арқылы мейірімділікті жырсуейер қауымға насихаттау және ұғындыру.

Талапқа сай безендірілген сахнаға әуелі көтерілген домбырашылар тобы күй тартумен рәсімді ашып, одан кейін жас ақындар Мархабат, Гаухар, Мөлдір және Ораздар шығып, өздері шығарған өлеңдерін оқыды. Ана, мейірім жайлы Жанар, Жансая, Мөлдір, Айғаным, Гаухар мен Асқар жырларын ұсынды. Туған жер, тәуелсіздік туралы жырларын Бекзат, Ораз бен Ердаулет оқып берді. Ақын Нұрғали Қарабектегінің «Адам-пенде» және «Терме» өлеңдерін Елдос домбырамен термелетіп орындап шықты. Дархан мен Аяулым мектепке арнап жазған өлеңдерін, Мархабат, Бекзат, Жансая және Ғазиза достық жайлы жырларын паш етті. Жоғары сынып оқушылары Маржангүл Хизированың тұсауы кесіліп отырған кітабынан жырлар оқыды. Маржангүлдің келіні әрі әріптесі Майра Матикулова қайынапасына арнаған жүрекжарды жырын арнады.

Өз кезегінде сөз алған ақын Маржангүл



Хизирова осынау тұсаукесер рәсімін ұйымдастырып отырған мектеп басшылығы мен әріптестеріне, қонақ ретінде қатысып отырған жандарға ризашылығын білдіріп, кітабынан жырлар ұсынды. «...Күйбені жеңіп мүлде тіршіліктің, Қалам ба деп қорқамын сұрыпталып. Қара өлең, кара қызға құдірет бер, Қалмау үшін мәңгілік тұйықталып...» деп бір шумақпен ағынан жарылған ақын қызды әріптестері мен құрметті қонақтар құттықтауға ортаға шықты.

Кезегімен сөзге шыққан № 1 қазақ орта мектебінің директоры Панар Жұмаханова, қалалық білім бөлімінің өкілі Құралай Ибраи-

СҮЙІНІШІ!

мова, әріптесі әрі ұстазы Зылиха Эралиева, қалалық кітапхана директоры Павлина Кенжебекова, ақын, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі Нұрғали Қарабектегі ақынның саяси кешпеген алғашқы жыр жинағының кітапхана қорына қосылуымен құттықтап, алдағы уақытта да жыр дүрмегі түгесілмей, кітаптар жалғасты болуына тілектерін білдірді. Ақын Нұрғали Қарабектегі қаладағы санаулы ақындардың өлең-жырлары жас ұрпаққа үлгі-өнеге болуы, ақындар мен олардың арасындағы байланысты нығайту, қала тұрғындарымен де таныстырып отыру үшін тиісті құзырлы орындар үлкен сахнадан ақындаммен кездесу кештерін концерттік бағдарламалармен жымдастырып өткізіп отырса, оның тәрбиелік мәні артып, халықтың ықыласына бөленер еді деген ұсынысы мен бұйымтайын жеткізді. Рәсім соңында Маржангүл Хизирова шәкірттерімен естелік суретке түсті.

Н.ӨТЕП Суретте: Хизирова М.Қ.





Тіл – ақылдың өлшемі

## ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ САЯСАТЫ - ЕЛДІГІМІЗДІҢ ТІРЕГІ

«Үш тұғырлы тіл» саясаты - елдігіміз бен бірлігіміздің тірегі. «Тіл - ақылдың өлшемі, ұлттың жаны» - деген ұлы данышпан жандардың сөзіне сүйенер болсақ, елдің елдігін де, бірлігін де айқындайтын тіл екендігі белгілі.

Тілдердің үш тұғырлығы саясатының астарында ел азаматтарының мемлекеттік тілді білу ғана емес, өркениетті елдермен тереземіз тең болу үшін басқа тілдерді де меңгеру міндеті тұр ғой. Бұл саясат «мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз» - деген ұғымға негізделген. Қай кезеңде, қай уақытта болса да, бірнеше тілді меңгерген ел ғана өзінің коммуникациялық және интеграциялық қабілетін кеңейте отырып, ел іргесінің тыныштығы мен бейбітшілігін сақтай алады. Бүгінгі таңда Қазақстан үшін үш тұғырлы тіл - елдің бәсекеге қабілеттілікке ұмтылуындағы бірінші қадамы десе де болады.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының кемел болашағы, шығар биігі саяси-экономикалық жағдайлармен қатар, оның мемлекеттік тілі - қазақ тілімен де байланысты екендігін баршамамыз жантәнімізбен сезініп, терең түсінеміз. Терең түсінеміз де ата-бабаларымыз айтып кеткен: «Елді, жерді, тілді құрметте. Елді жамандасаң, көмүсіз қаласың, жерді қорғамасаң, кебінсіз қаласың, тілді

қорғамасаң, қадірсіз боласың»-деген дана өсиеттеріне таңдай қағып, бас шұғымыз. «Тілдердің үш тұғырлығы» саясатының астарында ел азаматтарының мемлекеттік тілді білуі ғана емес, өркениетті елдермен тереземіз тең болу үшін басқа тілдерді де меңгеру міндеті тұр.

Үш тұғырлы тіл саясаты - өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қатынаста өзін еркін ұстап, кез-келген ортаға тез бейімделетін белгілі бір ғылым саласында білімін көрсете алатын, көп тілді және көп мәдениетті құзыреттілікті игерген жеке тұлға қалыптастыру. Сондықтан үш тілді меңгеру заман талабы деп ойлаймын.

Тілдердің үш тұғырлығы - уақыт талабы. «Үш тұғырлы тіл» идеясы - жарқын болашақтың кепілі.

**А.Э.Тулчинова,  
«Приозерск қаласының ішкі саясат,  
мәдениет және тілдерді дамыту  
бөлімі» ММ**



Иман айнасы

## ПАЙҒАМБАР (с.ғ.с) ОРНАТҚАН ДІНАРАЛЫҚ КЕЛІСІМ

Пайғамбардың (с.ғ.с) басқа дін өкілдерімен жасаған қарым-қатынасын Құрандағы: «Кафирун» сүресіндегі «Сендерге өз діндерің маған өзіңнің дінім» аяты анық баяндайды. Ол замандарда Араб жазирасының халықтары түрлі дінді ұстанды. Олардың арасында христиандар, яһудилер, отпарастар, пұтпарастар және сол сияқты т.б. сенім ұстанушылар болды. Пайғамбардың осы замандарда басқа дін адамдарына көрсеткен толеранттылығы парасатты адам үшін үлкен ғибрат.

Пайғамбардың қалаған дінаралық келісімін көріп, түсіне білмек үшін ислам тарихындағы «Мәдиналық келісім» атты парағынан мысалы келтірейік. Әрине, мұсылмандардың көсемі бұдан бұрынғы Меккеде өткізген он үш жылында да басқа сенім иелеріне толеранттылық көрсетті. Мысалы, Исламды алғаш насихаттаған жылдарында да Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) пұтпарастардың арасында өзінің әділдігі, сенімділігі мен төзімділігінің арқасында «Мұхаммед әмин» (сенімді Мұхаммед) атанған болатын.

Дегенмен, біз Мединелік кезеңді жайдан жай алып отырғанымыз жоқ, бұл уақытта Ислам мұсылман мемлекетінің ресми діні, ал пайғамбар заң шығаратын құқыққа ие болған.

Сонымен «Мәдиналық келісім». Мединелік келісімді тарихшылар кейде - «сахи-фа» деп те атайды. Арабша мағынасы - парак деген сөз, яғни, келісім парак бетіне жазылған соң солай атылып кеткен. Расында да, Мәдиналық келісім мұсылмандардың толеранттылығына анық мысал. Себебі, пайғамбар (с.ғ.с.) Мәдина шаһарына қоныстанған соң жай діни көсем ғана емес, ол енді мұсылман мемлекетінің саяси басшысына айналды. Демек, бұл мемлекеттің өзіне тиіс нақты шарттары мен заңдары қабылдануы тиіс. Ол заңдар ондаған жылдар бойы бір-бірімен соғысып, қырық пышақ келе жатқан түрлі тайпалар мен нәсілдердің арасын қосып, қоғамда бейбіт әрі достық қатынасты орнатуы қажет. Дәлірек айтсақ, пайғамбардың (с.ғ.с.) міндеті - мұсылмандар, христиандар және яһудилер мен пұтпарастар жасайтын қоғамда бейбіт өмірді тұрақтандыру. Осы мақсатта дүниеге Мединелік келісім келді. Мұнда Мединеде жасайтын әр тайпаның жауапкершілігі мен міндеттері анық көрсетілді: олардың бірінші-бірі алдындағы міндеттері мен шектеулері; ерекшеліктері мен қасиеттері және т.б.

Бұл келісімді - жаңа қалыптасып келе жатқан мұсылман мемлекетінің Конституциясы десек болады. Конституция барлық қауымдар мен тайпаларға тең. Мұның тармақтарынан ауытқыған немесе оны

## КАЗАХСТАН В ГЛОБАЛЬНОМ ИНДЕКСЕ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ВЭФ 2017-2018

27 сентября 2017 года Всемирный экономический форум (ВЭФ) опубликовал ежегодный Отчет о глобальной конкурентоспособности 2017-2018.

По результатам рейтинга Казахстан занял 57 место со средним баллом 4,35 понизив свой рейтинг на 4 позиций. В этом году рейтинг вновь возглавила Швейцария, которая удерживает стабильные позиции на протяжении последних 9 лет.

В Глобальном индексе конкурентоспособности Всемирного экономического форума (ГИК) 2017-2018 количество оцениваемых стран составило 137 (в предыдущем году - 138). В целом совокупный объем производства в странах, охваченных ГИК ВЭФ, составляет 98 процентов мирового ВВП.

ГИК рассчитывается из 114 показателей, из которых 34 рассчитываются на основе статистических данных, а остальные - по оценкам руководителей средних и крупных предприятий. Из 114 показателей выводятся 12 факторов конкурентоспособности, которые детально характеризуют конкурентоспособность стран мира, находящихся на разных уровнях экономического развития.

Значительное улучшение в рейтинге отмечается по фактору «Здравоохранение и начальное образование», поднявшись на 35 позиций до 59 места, расположившись на среднем уровне.

Также Казахстан показал позитивную динамику по следующему фактору: технологическая готовность (52 место, 2016 г. - 56 мес-

## НА ТЕРРИТОРИИ ЭКСПО ОТКРЫТ УНИКАЛЬНЫЙ ЛЕДОВЫЙ КАТОК

25 ноября на территории ЭКСПО заработал самый большой открытый ледовый каток в Астане. Общая площадь катка - 4 000 кв.м. Вместимость составляет до 700 человек.

«Данный ледовый каток спроектирован специально под территорию ЭКСПО. Компания осуществила проект за свой счет, без участия государства. Каток занимает площадь между двумя знаменитыми «огненными» фонтанами, которые стали популярным местом отдыха туристов во время работы выставки. По форме каток напоминает стрелу, направленную в

машины.

Компания «Mega Ice» имеет в наличии порядка 1000 пар новых коньков разных размеров. Они будут предоставляться на прокат всем желающим. Тем, кто неуверенно стоит на коньках, предложат ледовые тренажеры. Будут работать тренеры и инструкторы, отвечающие за порядок и безопасность на льду. Предусмотрены утепленные места для переодеваний, камеры хранения, а также горячее питание.



«Новый ледовый каток станет излюбленным местом отдыха гостей и жителей столицы. Это возможность активно на свежем воздухе провести свой досуг», - уверен директор компании «Mega Ice» Ерлан Умбетов. Стоимость входного билета демократичная, составляет - 1000 тенге. Для школьников и пенсионеров действует скидка - 50%. Детям до 6 лет вход бесплатный. Билеты можно приобрести через официальный сайт



сторону павильона Нур Алем. На лед нанесен логотип ЭКСПО светоотражающей краской. По периметру катка расположены световые дорожки, которые будут подсвечиваться в вечернее время» - отмечает директор компании «Mega Ice» Ерлан Умбетов.

Благодаря специальному холодильному оборудованию каток может функционировать при температуре +10 градусов и ниже. Это дает возможность продлить сезон катания до апреля следующего года. Для получения качественного идеального льда применяются ледовозаливочные

ЭКСПО-2017 expo2017astana.com, на сайте билетного оператора kassir.kz, а также в кассах, расположенных на территории ЭКСПО. В связи с открытием для гостей и жителей столицы в эти выходные дни действует 50% скидка.

**Ждем вас на ледовом катке в будние дни с 12.00 до 23.00 (технический перерыв с 16.00 до 18.00); в выходные и праздничные дни с 10.00 до 23.00 (технические перерывы с 13.00 до 14.00, с 17.00 до 18.00).**

источник: [www.pr@expo2017astana.com](http://www.pr@expo2017astana.com)

орындамаған әрекет - дінбұзушылық және опасыздық болып саналды. Осылайша Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) бірнеше дінді бір араға жинап, бір мемлекет, бір қоғам құра білді.

Келісімнің бірінші және басты тармағы - Мәдина тұрғындарының барлығы - мұсылмандар және келісім жасасқан христиандар, яһудилер, пұтпарастар «біртұтас қоғам» деп жарияланды. Адамдардың ұлтына, шыққан тегіне, діні мен тіліне қарамастан барлығы Мединенің азаматтары сайылды. Бүгінде дәл осы жағдайды پلیэтносты және поликонфессионалды Қазақстан қоғамында қалыптасқан ахуалмен салыстыруға болады.

Мемлекетіміздегі конфессиялық және ұлттаралық жағдай өзге елдердегі сияқты көбіне мемлекет ішіндегі және сырттағы саяси, экономикалық және құқықтық жағдайға тәуелді екені мәлім. Сонымен қатар, ол мемлекеттің ішіндегі 100-ден астам этносы бар ұлттаралық және 18 конфессиясы бар дінаралық қарым-қатынасқа да тәуелді. Бұл тұрғыдан біздің мемлекетіміз тәуелсіздік жылдарында өзінің қоғамдық-

саяси және экономикалық тұрақтылығымен, түрлі ұлттар мен конфессиялар арасындағы татулығымен және ауызбіршілігімен ерекшеленіп отыр. Осы мақсатта мемлекет тарапынан конфессияаралық сенім мен сындарлы сұхбатқа қолдау көрсету және діни экстремизмнің алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Полиэтностық және поликонфессионалды қазақстандық қоғам жағдайында сан алуан діни конфессия өкілдерінің бірі-бірімен ұнқатысуы, сондай-ақ, олардың мемлекетпен арақатынасы дұрыс жолға қойылуы аса маңызды болып табылатындықтан Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі елдегі түрлі діни бірлестіктермен тығыз байланыс орнатып, олармен біріге жұмыс жасауда.

Бүгінгі Қазақ жерінде берік орныққан конфессияаралық тұрақтылық пен этносаралық бірлікті сақтау және нығайту алдағы уақытта да күн тәртібінде тұрған маңызды мәселелердің бірі болып қала бермек.

**Сұлтанмұрат АБЖАЛОВ,  
дінтанушы**

## Глобальная конкурентоспособность

то) и размер рынка - (43 место, 2016 г. - 45), высшее образование и профессиональная подготовка - (56 место, 2016 г. - 57 место).

Слабыми позициями Казахстана остаются факторы «Развитость финансового рынка» - 114 место (2016 г. - 104 место), «Конкурентоспособность компаний» - 108 место (2016 г. - 97 место).

Наибольшее снижение отмечается по 2 факторам: «Макроэкономическая среда» (98 место, 2016-29 позиций), «Инновации» (84 место, 2016-25 позиций). Так, ухудшение позиций по фактору «Макроэкономическая среда» связано с увеличением уровня инфляции и уменьшением валового национального сбережения.

Значительное ухудшение отмечается по 8 индикаторам со снижением на 20 и более позиций: «Право собственности» (81 место), «Расто-

тельность государственных расходов» (65 место), «Степень монополизации рынков» (91 место), «Число дней для открытия бизнеса» (54 место), «Обременительность таможенных процедур» (79 место), «Эффекты налогообложения на стимулирование работы» (62 место), «Гибкость при установлении зарплат» (105 место).

Высокие результаты по улучшению позиции показали такие индикаторы, как «Защита инвесторов» (3 место), «Охват начальным образованием» (4 место), «Баланс государственного бюджета» (37 место).

Страны СНГ Казахстан занимает 3 место (2016-57 место) после Азербайджана (2016-35 место) и России (2016-38 место).

**Управление юстиции  
г.Приозерск**





# ИСЛАМДА ҚЫЗ БАЛАҒА БІРІНШІ КЕЗЕКТЕ ОРАМАЛ ЕМЕС, БІЛІМ АЛУ ПАРЫЗ

*Қазіргі таңда қоғам мен мектеп арасында хижаб мәселесі жиі дау тудырып, өзекті дүниеге айналды. Өзге ұстанымдағы қандастарымыз зайырлы мемлекеттің заң талаптарын елемей, қыздарын жалпы білім беру ошақтарына тұмшалап жіберуі көпшілік тарапынан талқыға айналғаны қашан. Бір қызығы, балигатқа толмай басына «қара жамылған» қаракөздерді қолдайтындар да бар. Ұлттың ертеңін ойлап, ұлаш-улағандар да жетерлік. Мәселенің мәнісін философия және теология ғылымдарының докторы, профессор Досай Кенжетайдан сұраған едік.*

*– Досай Тұрсынбайұлы, соңғы кездері елімізде қыз балалардың басына орамал тағу мәселесі жиі көтеріліп жүр? Неге бұл ахуал ұшығып кетті?*

– Ол рас, орамал тағу емес, «хижап» қоғамдық санада елеулі қайшылықтар алып келгені жасырын емес. Егер орамал тағу діни танымдық мәселе ретінде көрініс берген болса, оның жарасы жеңіл. Оның сауатын ашу, діни негіздерін көрсету арқылы танымның кеңейтіп, ағартушылық жолмен шешкен болар едік... Негізінен бұл мәселе төңірегінде, бұқаралық ақпарат құралдары мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан көптеген іс шаралар ұйымдастырылып, мақалалар жарық көрді. Бірақ халық арасында қоғамдық санаға әсері байқалмай келеді. Енді оның себептерін анықтауға тырысып көрейік.

Біріншіден, қазіргі БАҚ ішінде осы құбылысты іздеп жүріп жариялайтын тенденциялық әрекеттер байқалады. Демек, осы тақырыпты үдету туралы тапсырма болуы әбден мүмкін. Бұл тапсырыс біздің қоғамның ішкі тұрақтылығына сызат іздеп жүрген сыртқы саяси күштерден болуы ықтимал.

Екіншіден, осы орамал арқылы сыртқы құқық қорғау орталықтары қоғамдағы жыныс негізіндегі саясаттарына жол салып жатқан сыңайлы. Мысалы, гендерлік саясаттың қазақстандық шаблонна діни мотивтерді қосып, жан-жақтан қысым көрсетуге дайындық жасап жатқан да болуы мүмкін. Сонда хижаб олар үшін қоғамда қайшылық туғызудың жыныстық (гендер), діни, әлеуметтік, саяси, құқықтық орталығына өз-өзінен айналып шыға келеді. Рас сыртқы күштерге, олардың осындай тұзағына құрал болып кетпеу үшін де біздің қоғамдық, демократиялық келісімге негізделген зайырлылық ұстанымына құрылған мемлекет пен дін қатынасының мазмұны мен идеясын қоғамның кез келген қабаттарына түсіндіру жұмыстары жетпей жатыр.

Үшіншіден, діни тұрғыдан алсақ, алты жасар қыз баланың Алла алдында ешқандай жауапкершілігі жоқ. Сондықтан ол баланың осы жаста жынысын нақтылап, діни ерекшелігін көрсетіп, сыныптастарынан оқшаулануы дінімізге де, ділімізге де, заңымызға да қарсы әрекет. Енді осы әрекетті сол бала жасап отырған жоқ, оны тәрбиелеп отырған ата-анасы. Оған оның еркі де, санасы да,

ақылы да, ішкі діни сезімі де жетпейді. Бұл ата-анасының баласын құрал қылуы, сол арқылы еркін заңға қарсы екендігін, зайырлылық талаптарын мойындамайтындығын көрсетіп отыр.

Біз – ислам арқылы мәдени болмысқа айналған, ұлттығымызды қалыптастырған, дәстүрлі мемлекеттілігі мен тарихи тәжірибесі бар халықпыз. Біз кеше ғана мұсылман болған ел де емеспіз. Қазіргі қоғамдағы не-сәлафилік тенденция осы жоғарыда айтылғандардың бәрін жоққа шығарып, діндарлар арасында теріс психологиялық пиғыл қалыптастыруға мұрындық болып отыр. Бұл үдеріс отбасы институтын зайырлы қоғамнан оқшаулау, имманентті мәндегі ішке бұрину, қоғам талабына неқұрайды қарау, заңды елемей, кеңестік пен уақыт үндестігі үйлесімділігіне қатыспауды өз құралдарының ерекшелігі мен сипаты ретінде сомдап жатыр.

Төртіншіден, исламда жынысына қарамастан ер ме, әйел ме жаратылысынан тең, бір рухтан шыққан. Біреулердің негіздеп жүргеніндей, «исламда әйел еркектің қабырғасынан жаралмаған». Алла алдында тең болғандықтан да исламда әйел мен еркекке бірдей білім алу парыз етілген. Бұл білім алудың мазмұны да сол уақыт пен кеңестіктің талабына сай болуы қарастырылған. Бүгінгі жаһанданған дүниеде білім алу мазмұнында, еліміз басқалармен терезесі тең болу мақсатын көздеген болса, Ханафи мазхабы да бұл шартты қолдайды. Еліміздің білім беру жүйесі зайырлы сипатта, бұл – шарт. Олай болса, діни үкім тұрғысынан да ол діндар әйел не еркек болсын, Алла алдындағы жауапкершіліктен ада болады. Бірақ еліміз ислам дінінің өркендеуіне барынша қолдау көрсетіп отырған бірден бір мемлекет.

Зайырлылықты Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев құндылық ретінде танытты. Ал құндылық – аксиологиялық тұрғыдан құрметтелуі тиіс тұғыр. Сондықтан алты жасар бала ғана емес, балигатқа жеткен, орта мектепте оқитын кез келген жасымыз діни атрибуттарды желеу етіп, мемлекеттік мекемеде оқшаулануына, даралануына, ерекшеленуіне жол берілмейді. Осы жастағы кез келген жас, мектептен білім алуы шарт, мемлекеттік міндетті білім стандартынан аттап кете алмайды. Зайырлылық ұстанымы бұл мәселені де шешіп қойған, діни атрибуттармен білім алатын арнайы мектеп, оқу орындары бар. Ал мектепті бітіріп шыққан соң, ол азамат әрі қарай жоғары білім ала ма, алмай ма, өз еркі.

Бесіншіден, ерекше ескеретін жайт, мектеп, отбасылық құндылықтар мен зайырлы талаптарды еліміздің ертеңі болатын болашақ жастарға педагогикалық стандарттарды қалай, қандай жолдармен сіндіру төңірегінде жеті ойлануы, мың толғанып шешілу керек. Қазіргі мектеп қабырғасында жүріп-ақ жүкті болып қалатын, жүкті қылып қоятын «бала-әке, бала-шешелердің» белең алуы ата-ананы алаңдатпай қоймайды. Ата-ана баласын діни танымдық шеңберлерге тыққысы келетіндіктері де қазіргі мектептегі осындай

келенсіздіктерден болуы ықтимал. Яғни, мектепте, білім беру мен тәрбие жұмыстары өзара қабыспай жатыр деген сөз. Міне, ата-ана осындай сенімсіздіктен діни психологиялық күйзеліске түсіп, баласына мына қоғамның білім беру жүйесіне параллель «пананы» діни танымнан іздеуі табиғи жайт болса керек. Бұл ата-ананың үрейі балаға ауысқанда, қандай қосүрей пайда болатындығын психологтар жақсы түсінсе керек-ті. Содан ортада зардап шегетін бала болып қала береді.

Түптеп келгенде, қыз баласын мектепке жібермей қоядан, ата-анасы сенімді болғанымен, болашақта ол қыз қоғамға да жиіркене қарауы ықтимал. Күдік, үрей, қорқу, өкіну, жеккөру, соңында режимге қарсы тұру психологиясының бұлағы екендігін есте сақтағанымыз жөн. Бұл психология сөйлемесе, қоғамда уахабилік тенденция өршімесе, әлсіремейді. Оларға осы тұс нағыз азық, нағыз «сыныққа сылтау» болып қала бермек. Нәтижесінде мұндай қоғамда діни таным ғылыми танымға қарағанда басымдыққа ие болады.

Алтыншыдан, қоғамда уахабилік тенденция модаға айналып бара жатыр. Ол жастардың діни танымдық сұрағынан нақты көрініс береді. Ол – «Құранда бар ма?» сұрағы... Кез келген мәселе, құбылыс яки өмірдің қарапайым мысалдарына Құраннан жауап іздейді. Ең болмаса, Құран осы мәселеге қалай қарайды деп бір ұстаным, түсінік, тұжырым, таным ретінде сұраса, айналасын. Олар ұғым, қағида, ереже, заң ретінде сұрайды. Егер ұғым ретінде қарасаң, Құраннан молда, медресе, ораза, намаз, пайғамбар, хижаб, құдай т.б. ұғымдарды таппайсың. Бұлардың арабша баламалары бар. Саум, салат, наби, расул, хумур сияқты. Сондықтан бұл тенденция, біздің жастарымызды, діни киім ретінде қабылданған «араб мәдениеті мен діни танымын» қоса қабат алып келіп жатқандарынан бейхабар. Кісісі өлген жесір сияқты «қара жамылғы», ерте қартайғысы келген қауға сақал шайх болып жүргендерге араб мұсылмандығының өкілдері екендіктерін түсіндіру қажет-ақ. Бұларға осы көріністерімен-ақ қоғамдағы «исламофобия» ескерткіштері екендіктерін мойындату керек.

Жетіншіден, хижабтың артында ұлттың трансформациялануы, дәстүрдің ревизиялануы, ділдің тілімденуі келе жатыр. Қазақ мәдениетінің, салт санасының, отбасының орталығы – ана. Уахабилік таныммен тұмшаланған қыздарымыз, болашақ аналарымыз, арабтың салт санасымен де тұншықтырылып жатыр. Бұл кешегі коммунизм идеологиясынан да қауіпті. Бірге туыс-ағайындар осы ұстаным арқылы, егер үйде бауыры жоқ болса, босағадан аттап кіре алмайтын жағдайға жетеміз. Неге? Үйде ері жоқ. Қазақы діл кейінге шегініп барады. Бара-бара жеті ата да қалады. Себебі, Құранда емшекте болмаса болды, некеге рұқсат. Осындай діни таныммен тұмшаланған қазақтың баласы, ертең немере қарындасына басқаша көзбен қарамасына кім келіп?

Жалпы, бұл уахабилік таным қазақтың дәстүрлі мұсылмандық түсінігі, діни танымы, ділі мен салт, дәстүрін де реставрациялағалы тұр. Қазақ формаға емес, мазмұнға, феноменге емес, мәнге көңіл



аударатын халық еді. Енді бүгін қыздар тұмшаланбаса, фитнеске себеп болатын болыпты. Бұл жерде қазақ қыздарына жарасқан ұлттық киімі болғандығын айтып отырмыз. Егер осылай кете берсек, кез келген ұрғашы, ол жеңге демей, қарындас демей, фитнеске себеп болады дейтін болармыз. Ал Құранда әуретті жабудың ар жағында жүректі жабу тұрғандығына назар аудармайтын болдық. Сондықтан қарындастарыма айтарым, жамылғыны жүрекке салайық, алдымен білім алайық, надан болып қалмайық. Ертең анасы надан ұрпақтан қандай білімді ұрпақ, елі үшін ой толғайтын азамат шығады? Ата-аналарды да төзімділік пен шыдамдылыққа шақырамын.

*– Қарап отырсақ, кейбір діндарлар мен оқу орны басшылары бір мәмілеге келе алмауда. Себебі неде?*

– Себептеріне жоғарыда тоқталдым. Бұл мәселе екі жақтың да діни танымдық, зайырлылық тұрғысынан сауатсыздығына тіреліп отыр. Ең бастысы, бұл дау қоғам шарттарын, кеңестік пен уақыт талабын тани алмаудан туындауда. Жалпы, Ислам дінінде қыз балаға ең бірінші «білім алу парыз ба», әлде «орамал тарту ма»? Исламда қыз балаға білім алу – парыз. Аллаға құлшылық ету үшін де, алдындағы түпкілікті міндеті мен жауапкершілігінің шегі де білім мүмкіндігі арасын ажырату үшін де білім, таным, ойлау, сана тұрады. Орамалдың да кезегі келеді сосын.

*– Бұл мәселені шешудің қандай оңтайлы тетіктері бар?*

– Басты тетік біздің зайырлы заңымызда нақты көрсетілген, онда «өгіз де өлмейтін, арба да сынбайтын» тетіктер бар. Сол тетіктер қолданыстан тыс қалып қойған. Оны қоғаммен үндестікте, үйлесімділікте қолданатын мемлекеттік институттар мен қоғамдық діни ұйымдар арасындағы «көпірді» қайта жарактау қажет. Екі институттың да бағыттары мен мүдделері тоғысып, бірі-бірі толықтырып отыруы тиіс. Мемлекет – «әке», қоғам – «ана» рөлін жақсы белсенді атқарса, ортада «бала» да ешкімге құрал болмас деген ойдамын...

*– Өңгімеңізге рахмет!*

Сұхбаттасқан Зарина Кибасева

## ҰЛЫ ЖАЗУШЫ- ҒАБИДЕН

2017 жылдың 23 қараша күні «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде қазақ әдебиетінің классик жазушысы, көркем сөздің хас шебері атанған Ғабиден Мұстафиннің 115 жылдығына орай «Ұлы жазушы-Ғабиден» атты еске алу кеші ұйымдастырылды. Іс-шараға №1 мектептің 10 сынып оқушылары қатысты. Іс-шараның мақсаты жазушының өмір жолы арқылы оқушыларды адамгершілік пен парасаттылыққа баулу, қазақ халқының әдебиеті мен мәдениетін құрмет-теу, сөз құдіретін түсінуге тәрбиелеу, көркем сөйлеуге баулу.

Кітапханашы А.Исманбетова қазақ әдебиетінің інжу-маржаны, жарық

жұлдызы Ғабиден Мұстафиннің ғұмыры жайлы көп-теген мәлімет беріп, оқушылармен сұрақ-жауап әдісі қолданылды. Бейне ролик көрсету арқылы, оқушыларды ақын өміріне деген қызығушылықтары арта түсті. Оның елім деп соққан елжіреген жүрегінен шыққан әрбір туындылары қазақ рухын шабыттандырып қана қоймай, бүгінгі өскелең жас ұрпақ, аға буынға рухани азық пен қайратқа толы тәлім-тәрбие береді.

Ғабиден Мұстафин осы дәуірдің ішінде қазақ совет прозасынан өзінің тиісті орнын алумен бірге әдебиетіміздің бетін бүгінгі өмірге бұруымызға да үлкен жетекші болды... Оның үстіне, жазушының ізденіс талаптары тұтас бір



бағытта болғандықтан табысы да олқы емес. Ғабиден типтері де, типтік жағдайларды да өзіміздің шындығымыздан алып өсіп келеді.

Іс-шара соңында «Көркем сөздің хас

шебері» атты кітап көрмесі оқырмандар назарына ұсынылды.

А.Исманбетова,  
оқырмандарға қызмет ету бөлімінің кітапханашысы





Отан қорғаушылардың өмірінен

Жаныңда жүр жақсы адам

## ӘСКЕРЛЕР ТӨЛ МЕРЕКЕСІН ТОЙЛАДЫ

Өткен жексенбі күні, яғни қараша айының 19-жұлдызында 06708 әскери бөлімінің қатысуымен қалалық офицерлер үйінің ғимаратында Ракета әскерлері және артиллерия күні аталып өтті. Мерекелік шара осы сала әскери қызметшілерінің қатысуында салтанатты жиналыспен басталды. Онда 06708 әскери бөлімінің командирі подполковник Жаслан Қайыргелдіұлы Жакупов «Артиллерия – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің негізгі отты қуаты» тақырыбында баяндама жасады. Бұдан кейін кезек құттықтауларға беріліп, артиллерия саласының ардагері, әскери маман Игорь Борисович Подзоров, әскери бөлімнің ардагері, запастағы подполковник Игорь Николаевич Кириллов, 77437 әскери бөлімінің командирі майор Еркін Бахытбекұлы Жұмаханов, 18405 әскери бөлімінің командирі подполковник Талғат Аскарбекұлы Саламатов және бөлім командирінің жауынгерлік дайындығы жөніндегі орынбасары подполковник Дәурен Асханұлы Орақбаев әскери құрамды төл мерекелерімен құттықтады.

Мерекелік құттықтау бұйрығын 06708 әскери бөлімі командирінің орынбасары – штаб бастығы подполковник Есжан Оралбекұлы Батырбеков оқып жеткізді. Аталмыш бұйрық бойынша бөлімнің артиллерист-жауынгерлеріне алғыс жарияланды және мақтау қағаздары табысталды.

Мерекелік салтанатты жиынның соңы қала өнерпаздарының қатысуымен ұйымдастырылған мерекелік концертке ұласты.



Концертте қалаға танымал әншілер Айғанша Сәдуақызы Болысова, Ардақ Рымханқызы Ахатаева, Талғат Тұрмаханұлы Үбісовтер ән шырқап, жауынгерлердің шапалағы мен ыстық ықыласына бөленді. Сондай-ақ, қалалық «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық орталығының Айман Дәуітқұлқызы Нұртаеваның жетекшілігіндегі «Балбырауын» домбырашылар ансамблінің орындауында «Келіншек» және «Ерке сылқым» күйлері тыңдаушыларын тәнті етті. 18405 әскери бөлімінде әскери қызмет ететін, «Жас ұлан» әскери-патриоттық әндер байқауының «Жеке авторлық ән орындау» аталымы бойынша жеңімпазы, қалаға танымал әнші Бахытжан Бауыржанұлы Сайырманов әріптестеріне арнап әннен шашу шашты. Төл мерекелерін атап өткен әскери қызметшілер одан көтеріңкі көңіл-күйде қайтты.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

### Балалар ауруының алдын алу

## МЕКТЕПТЕГІ МЕДИЦИНА

Бұрын тікелей мектеп директорының құзырында болып келген мектептегі медициналық денсаулық сақтау жүйесіне берілген де бірқанша уақыт болды. Мақсат – балалар арасындағы аурулардың алдын алу. Осыған орай, тиісті нормативтік-құқықтық актілер дайындалды. Оқушылар шаршап, жүйкесі жұқармау үшін сабақ уақытында әлсін-әлсін жаттығулар жасап, жыл бойы сауықтырып отырудың жолдары қарастырылады. Ұл-қызды уақытымен тексеріп тұру үшін мамандар бригадасы білім ошақтарын өздері аралайтын болады. Мектептерде дене бітімі мен көз нашарлауының алдын алу үшін дәрумендер беру, физиотерапиялық процедуралар жүргізу, сүт өнімдерімен қамтамасыз ету негізгі жолға қойылады. Бұл жұмыс биылдан басталды. Еліміз бойынша келтірілген деректер бойынша қаңтар-наурыз айларында 2,6 млн. оқушы профилактикалық тексеруден өтіп, 305,8 мың оқушы диспансерлік есепке қойылған. Алдағы жылы мектеп медицинасын дамыту мақсатында бюджеттен 5,9 млрд. теңге қарастырылғандығы шараға баса көңіл бөлінгендіктен айғағы.

Жуықта қалалық №2 мектеп медицинасының денсаулық саласына берілгеннен кейінгі тыныс-тіршілігімен танысып көрген едік. Бұл жерде аға медбике болып төрт жылдан бері қызмет ететін Роза Жұмағазықызы Әбеуова және осындағы еңбек өтіліне алты жыл толған көмекшісі Роза Сағатова қызмет жасайды. Екеуі де тәжірибелі медбикелер. Бүгінгі таңда мектепте барлығы болып 886 оқушы білім алуа. Оның бәріне бірдей медициналық көмек көрсету қиын болғанымен, үлгеруге тырысып бағады. Әсіресе жазғы демалыс кезіндегі лагерде, оқушылар шомылуға барғанда және жорыққа шыққанда олардың қасында медицина қызметкерлері болуы шарт. Бүгінде мұнда отыздан астам бала әртүрлі науқас түрлері бойынша тіркеуге алынған. Медпунктте мектептегі барлық оқушыға арнайы жеке медициналық карталары ашылған. Оқушылар арасынан күніне оншақты балаға дейін медициналық көмекке жүгінетін көрінеді. Оқушының

тосатқан қатты ауырып қалған жағдайында оларға осы жерде жедел алғашқы көмек көсетіліп, науқасы дәрігерлік көмекті қажет ететін болса дереу жеделжәрдем шақырылады. Сабаққа дайын емес оқушылардың өтірік ауырып келетін жәйттері де болып тұратынын білдік. Әрине, олардың жалған әрекеті олардың ата-аналарына жеткізілуі тиіс.



Мектептегі медицина денсаулық саласына берілгеннен бергі кезеңде мұндағы медициналық бөлме аумағы кеңейтіліп, екі бөлмеге орналасты. Қалалық аурухана тарапынан шкафтар, тез бұзылатын дәрі-дәрмек сақтау үшін тоназытқыш, балалардың бойын, салмағын өлшейтін құралдар, контейнер, қушетка, бөлменің ауасын тазалап тұру үшін кварц лампасы секілді құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Аталған заттардың бәрі жаңадан сатып алынған. Медициналық пункт денсаулық саласына өткеннен, мектеп басшылығымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізуде. Кез-келген жағдайды өзара кеңесіп шешіп отырады. Қыстағы қатты суық ауа-райы кезінде тұмау дертінің көбейетініне байланысты оған дайындық жұмыстары осы бастан жүргізілуде екенін байқадық. Жалпы бұл мектептегі медициналық қызмет көрсетуі сапасы көңіл көншітерлік екендігіне көзіміз жетті.

Г.ҚАСЫМОВА,  
білім бөлімінің басшысы.  
Суретте №2 мектеп медбикелері.

## БЕСАСПАП АЗАМАТ

Менің әкемнің жақсы араласатын достары көп болды. Аудан орталығына сессия, пленум секілді маңызды жиналыстарға барғанда олардың үйлеріне барып, дидарласып, өткен кездерді еске алып, бала-шағасының аман-дығын біліп, бір жасап қайтатын. Олардың арасында қадірменді достарының бірі – Әбу Сүлейменұлы болмайтын. Себебі ол кісі үнемі ауылдық жерлерде мектеп директоры болып қызмет атқарып жүрген. Ол кісі туралы тек әкеміздің айтуымен ғана сырттай таныс болдық. Сол орны бөлек досын бір күндері құдайдың өзі ауылға айдап келді. Келгенде де, мектеп директоры болып келген. Мен ол кезде Ижевск қаласында әскери қызметімді атқарып жүрген болатыным.

Әскер қатарынан 1984-жылы оралғанда Әбу әкеміз ауылда еді. Өзімен де, отбасымен де осында алғаш рет жақынырақ таныстым. Біздің үй-шімізбен тонның ішкі бауындай араласып отыр екен. Ірі тұлғасына ұстамдылығы, салмақтылығы, қарапайымдылығы, сөзі мен білімділігі жарасқан Әбу әкеміздің кісілігіне шынымен тәнті болдым. Жұбайы Айман Әбдірашқызы анамыз да барынша кішіпейіл, балажан, кісі жатырқамайтын жан болып шықты. Айман ана екеуі сегіз баланы тәрбиелеген-өсірген. Солардың тұңғышы Марспен де осы кезде таныстым. Мектепті бітіргеніне көп болмаған бозбала еді. Гитарамен ән айтатын өнері бар екен. Ол да анасынан тартқан әкөңіл, көпшіл жігіт көрінді. Араға біраз жылдар салып онымен Қазақстанның бір аймағында қайта кездесіп, бір құдықтан су ішеміз деп кім ойлаған ол сәтте. Көп ұзамай мен аудан орталығындағы «Социалистік шаруашылық» газетіне қызметке орналасып кеттім де, сол күйі одан көз жазып қалдым. Алайда сырттай болса да қайда жүргенінен, немен айналысатынын хабардар болып жүрдім. Себебі бұл жігіттің болашағынан көп үміт күтуге болатынын байқаған едім...

Арадан аттай он бір жыл өткенде біз осы Приозерск қаласында қайта табыстық. Тағдыр желі екеуімізді де осында айдап келді. Құдайдың қалауы сол болған шығар да. Одан бергі өміріміз осындағы көпшіліктің көз алдында өтіп келеді. Міне, бүгін қала тұрғындарының қалауы азаматтарының біріне айналған, менің үмітімді ақтаған азамат жайында мақала жазып отырмын.

Марс Әбуұлы Сүлейменов 1965 жылғы 1-қыркүйекте Қазақстан Республикасы Бухара облысы Тамды ауданында мұғалімдер отбасында өмірге келген. Жоғарыда айтқан-нымыздай әкесі Әбу ақсақал 1931-жылы Бухара облысы Тамды ауданында туған. Бухара шаһарындағы Педагогика институтын бітіріп, облыста жас маман ретінде қызметін бастаған. Кейін Тамды ауданы Ю.Гагарин атындағы орта мектепте мұғалімдік мамандығын жалғастырған. О.Кошевой атындағы мектепке ауысып, биология пәнінен дәріс берген. Ағарту саласында бірнеше медалдың, мақтау қағаздарының иегері. Алдан Нарбаев, Зоя Космодемьянская мектептерінің директоры қызметін атқарған. Анасы Айман апай 1941-жылы Тамды ауданында өмірге келген. 13 құрсақ көтеріп, соның 4 ұл, 4 қызын тәрбиелеп, өмір жолына салған «Алтын алқа» иегері. Сол ұрпақтарынан 25 немере 7 шөбере көріп отырған бақытта әжелердің бірі бүгінде. Қазір Теміртау қаласында тұрады.

Марс 1972-жылы Олег Кошевой атындағы қазақ орта мектебінің бірінші сыныбына барып, осы мектепті 1982-жылы бітіргеннен көреген әке оны бірден еңбекке араластыруды ойлаған. Сөйтіп, «Прогресс» совхозының Далақұдық елді мекенінде орналасқан З.Космодемьянская атындағы сегізжылдық мектебінде мұғалім болып еңбек жолын бастаған. 1983-1985-жылдар аралығында әскер қатарында қызмет еткен. Осы кездері ата-анасы тұңғыштарын үйлендіріп, алғашқы қызықтарын көруді қалағандықтан, көңілі қалаған Феруза есімді қызбен шаңырақ көтеріп, үй болды. 1986-жылы Самарханд қаласындағы В.В.Куйбышев атындағы Ауылшаруашылық институтының қарақөлшілік факультетіне оқуға түсіп, отбасы жағдайына байланысты 1989-жылы сырттай оқуға ауыстырады. 1992-жылы аталмыш институтты бітіріп, Зоотехник-товаровед мамандығын алып шыққан. Сырттай оқып жүрген уақытында да қарап жүрмеген Марс, 1989-1992 жылдар аралығында Прогресс совхозында орналасқан К.Маркс атындағы орта мектепінде денешынықтыру пәні мұғалімі болып жұмыс істеген. Өз мамандығы бойынша 1992-1995 жылдар аралығында Тамды мал тұқымын асылдандыру Заводында зоотехник болып қызмет атқарады.

Бұл жылдар кеңес үкіметінің тіршілігін тауысып, әр Республика өздерінің егемендігін



жариялаған кезге тап болды. Қарапайым халық түгілі ел ағалары мен аудан басшылары да өмірге жаңадан енген капиталистік жүйені жөнді түсінбеген, не істерге жол таппаған дәуір жай еңбек адамдарына аса ауыр қиындықтар әкелді. Орда бұзар жасқа келген азамат бұл сәттері үлкен ойдың құшағында жүрді. Не істеу керек? Заман болса түбірінен өзгеріп кетті. Өсіп келе жатқан балалары бар. Олардың болашағы қалай болмақ? Тауелсіз елге айналған Қазақстан ертеңгі күні бірыңғай өзбек тілінде білім беруге көшсе, ұрпақтары өзбекке сіңіп кетпей ме? Өз басынан гөрі ұрпақ қамын ойлаған, сан сауалдар көңілін тербеген ол түбінде тарихи Отаны – Қазақстанға көшудің қажеттігін ішкі жан-дүниесімен сезінді. Мектепке енді бара бастаған балалары осы бастан жаңа қонысқа үйрене беруі және білімді де сол жақта алуы керек деп шешімге келген Марс Әбуұлы өзімен ниеттес, пікірлес азаматтармен кеңесе отырып, Қазақстанның аймақтарынан қоныс болар жер көру керек деп топшылайды. Осылайша әуелі азаматтармен бірге жер көріп келіп, 1995-жылы Жезқазған облысының Приозерск қаласына көшіп келді.

Олардың ізін ала ауылынан үдіре көшу жалғасып, бұлар осы қалаға тыңнан түрен салған көшбасшыларына айналды. Келген бетте қаладағы коммуналдық мекемеде агроном және учаске бастығы болып жұмысқа орналасты. Қосымша сол кездегі пионерлер үйінде стол теннисінен жаттықтырушы болып жұмыс атқарған. 1998-жылы №2 Кеңес өкіметі атындағы орыс орта мектебіне еңбек және денешынықтыру пәні мұғалімі болып жұмысқа орналасады. Оның бала кезінен айналысқан музыкаға әуестігі осы жерде үлкен пайдасын туғызды. Қосымша жұмыс ретінде Пионерлер үйінде ән-күй, драма бөлімінен дәріс берді. Өзінің жеке музыкалық аспаптарымен концерттік бағдарламаларға қатысып, халықтың тойларына қызмет етті, көпшіліктің алғыс-ризашылығымен қатар батасын алды. Әрі осы еңбегі үшін тапқандарын отбасының ризығына жұмсады. Қала өміріне бейжай қарамайтын бесаспап жігіт қалада өтетін барлық мәдени-көпшілік шараларға қалмай араласты. 2008-жылы «Айналайын» балабақшасына музыка жетекшісі болып жұмысқа ауысты. Енді ол осы бүгінгі атқарып жүрген саласы бойынша білімін жетілдіру тиіс деп ойлаған ол 2009-жылы Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сырдария университетінің Музыка факультетіне сырттай оқуға тапсырылып, аталған білім ордасын 2012-жылы бітіріп, Бакалавр музыка мамандығын алып шығады.

Бүгінгі таңда осы «Айналайын» балабақшасында музыка жетекшісі қызметін атқарып жүрген Марстың шәкірттері қалалық, облыстық өнер байқауларынан асып, республикалық үлкен бәйгелерден жүлделі орындармен оралып жүр. Жұбайы Феруза Тілегенова №1 қазақ орта мектебінде батауыш сынып оқытушысы. Екеуінен өрбіген 5 баладан 5 немере сүйіп отырған бақытты ата-әжелер. Марстың өнеріне тәнті болған, оның ұйымдастырушылық, көпшілік қасиеттерін білетін «Атамұра» этно-мәдени бірлестігінің төрағасы Павлина Сиязбекқызы осы бірлестік ұйымдасқан күнен бастап ұйымға тартқан болатын. Ұлты мен елінің өнерін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан хабардар азамат қоғамдық жұмыстан бас тартпады. Осы бүгінге дейін бірлестік жұмысының жандануына, алға басуына бір кісідей үлес қосып келеді. Оны қоғамдық жұмыстағы және негізгі қызметіндегі еткен еңбектері елеусіз қалмай, тиісті марапаттармен аталып келеді.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі.  
Суретте: М.Ә.Сүлейменов.





ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

\*\*\*

ВНИМАНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ НОРМАТИВТЕРІ, ФИТОСАНИТАРИЯЛЫҚ ЕСЕПKE АЛУ НЫСАНДАРЫ, СОНДАЙ-АҚ ОЛАРДЫ ҰСЫНУ ҚАҒИДАЛАРЫ

Фитосанитариялық есепке алу нысандарын:

- 1) қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар;
2) өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар;
3) өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар ұсынады.

Фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсыну тәртібі

- 3) Қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – фитосанитариялық есепке алу субъектілері);
1) пестицидтерді (ұлы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды өндіру және (немесе) өткізу;
2) пестицидтердің (ұлы химикаттардың), биопрепараттардың және энтомофагтардың қозғалысы;
3) пестицидтерді (ұлы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды сақтау;
4) бүріккіш және дәрілегіш техниканың бар-жоғы;
5) пестицидтерді (ұлы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды қолдануды жүзеге асыратын химиялық өңдеулер жүргізу;
6) химиялық өңдеу жөніндегі қызметтер көрсету;
7) тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді (ұлы химикаттарды) және олардан босаған ыдыстарды залалсыздандыру;
8) қоймалық үй-жайлардың бар-жоғы жөніндегі фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсынады.
4) Фитосанитариялық есепке алу субъектілері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің осы бұйрығымен бекітілген нысандар бойынша өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аудандық аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – аудандық инспекция) фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсынады.
5) Фитосанитариялық есепке алу нысандарын фитосанитариялық есепке алу субъектілері аудандық инспекцияға есептердің мынадай түрлері бойынша және мерзімдерде ұсынады:

дай түрлері бойынша және мерзімдерде ұсынады:

- 1) пестицидтерді (ұлы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды өндіру және (немесе) өткізу туралы есепті пестицидтерді (ұлы химикаттарды), биопрепараттарды өндіруді (формуляциялауды), сатып алуды және өткізуді, энтомофагтарды өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жылына екі рет, бір рет 20 шілдеге дейін, бір рет 20 қаңтарға дейін;
2) пестицидтердің (ұлы химикаттардың), биопрепараттардың және энтомофагтардың қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, бір рет 20 шілдеге дейін, бір рет 20 қаңтарға дейін;
3) пестицидтерді (ұлы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды сақтау туралы есепті жыл сайын, 20 қаңтарға дейін;
4) бүріккіш және дәрілегіш техниканың бар-жоғы туралы есепті қолында бүріккіш және дәрілегіш техника мен жабдық (ауыл шаруашылығы авиациясы, аэрозольдік генераторлар, атомайзерлік, штангалық, вентиляторлық бүріккіштер, бүріккіш және дәрілегіш техниканың өзге түрлері) бар фитосанитариялық есепке алу субъектілері жыл сайын, 20 қаңтарға дейін;
5) химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті меншікті өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін пестицидтерді (ұлы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды қолдануды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, әр айдың 20-сына дейін;
6) химиялық өңдеу жөніндегі қызметтер көрсету туралы есепті химиялық өңдеулер жөніндегі қызметті көрсететін фитосанитариялық есепке алу субъектілері ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, әр айдың 20-сына дейін;
7) тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді (ұлы химикаттарды) және олардан босаған ыдыстарды залалсыздандыру туралы есепті тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді (ұлы химикаттарды) және олардан босаған ыдыстарды залалсыздандыруды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жыл сайын, 20 қаңтарға дейін;
8) қоймалық үй-жайлардың бар-жоғы туралы есепті пестицидтерді (ұлы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды сақтауды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілері жыл сайын, 20 қаңтарға дейін.
6) Аудандық инспекция фитосанитариялық есепке алу субъектілері ұсынған фитосанитариялық есептер негізінде фитосанитариялық есепке алу субъектілеріне Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің осы бұйрығымен бекітілген нысандар бойынша өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті орган ведомствосының облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі – облыстық инспекция) ұсынады.
7) Фитосанитариялық есепке алу нысандарын аудандық инспекцияның мемлекеттік инспекторы облыстық инспекцияға есептердің мынадай түрлері бойынша және мерзімдерде ұсынады:
1) пестицидтерді (ұлы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды өндіру және өткізу туралы есепті жылына екі рет, бір рет 25 шілдеге дейін, бір рет 25 қаңтарға дейін;
2) пестицидтердің (ұлы химикаттардың), биопрепараттардың және энтомофагтардың қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, бір рет 25 шілдеге дейін, бір рет 25 қаңтарға дейін;
3) пестицидтерді (ұлы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды сақтау туралы есепті жыл сайын, 25 қаңтарға дейін;
4) бүріккіш және дәрілегіш техниканың бар-жоғы туралы есепті жыл сайын, 25 қаңтарға дейін;
5) химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, әр айдың 25-іне дейін;
6) химиялық өңдеулер жөніндегі қызметтер көрсету туралы есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, әр айдың 25-іне дейін;
7) тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді (ұлы химикаттарды) және олардан босаған ыдыстарды залалсыздандыру туралы есепті жыл сайын, 25 қаңтарға дейін;
8) қоймалық үй-жайлардың бар-жоғы туралы есепті жыл сайын, 30 қаңтарға дейін.

босаған ыдыстарды залалсыздандыру туралы есепті жыл сайын, 25 қаңтарға дейін;

- 8) қоймалық үй-жайлардың бар-жоғы туралы есепті жыл сайын, 25 қаңтарға дейін.
8) Облыстық аумақтық инспекцияның өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы ұсынған фитосанитариялық есептер негізінде фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсынады.
9) Фитосанитариялық есепке алу нысандарын облыстық инспекцияның мемлекеттік инспекторы өсімдіктерді қорғау саласындағы уәкілетті органның ведомствосына есептердің мынадай түрлері бойынша және мерзімдерде ұсынады:
1) пестицидтерді (ұлы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды өндіру және (немесе) өткізу туралы есепті жылына екі рет, бір рет 30 шілдеге дейін, бір рет 30 қаңтарға дейін;
2) пестицидтердің (ұлы химикаттардың), биопрепараттардың және энтомофагтардың қозғалысы туралы есепті жылына екі рет, бір рет 30 шілдеге дейін, бір рет 30 қаңтарға дейін;
3) пестицидтерді (ұлы химикаттарды), биопрепараттарды және энтомофагтарды сақтау туралы есепті жыл сайын, 30 қаңтарға дейін;
4) бүріккіш және дәрілегіш техниканың бар-жоғы туралы есепті жыл сайын, 30 қаңтарға дейін;
5) химиялық өңдеулер жүргізу туралы есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, әр айдың 30-ына дейін;
6) химиялық өңдеулер бойынша қызмет көрсету туралы есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, әр айдың 30-ына дейін;
7) тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді (ұлы химикаттарды) және олардан босаған ыдыстарды залалсыздандыру туралы есепті жыл сайын, 30 қаңтарға дейін;
8) қоймалық үй-жайлардың бар-жоғы туралы есепті жыл сайын, 30 қаңтарға дейін.
КАДИРОВА К.Р.
ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.
Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных
“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап
Телефон доверия ГУ “Аппарат Акима города Приозерск” 5-41-53
График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.
«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны нөмірі: (871039)5-32-45
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45
График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов.
«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін
Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов
“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.
Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57
График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.
«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ

сенім телефоны: 5-32-48
Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48
«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.
Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов
“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәрсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін
Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92
График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов
«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.
Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99
График приема граждан руководителем

отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов
«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.
Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.
Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.
График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов
«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап
Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.
Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час.
«Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі» РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.
Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87
График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.





Вакцинының пайдасын түсінбейтін ата-аналар да бар

Внимание населения!

**ВАКЦИНА ДЕГЕНІМІЗ НЕ?**

Алдымен вакцинының не екендігіне тоқталсақ. **Вакцина** – белгілі бір инфекцияны жоюға бағытталған микроағзалардан жасалатын препарат. Өндірісте вакцины жасағанда қатаң бақыланады, яғни зиянды инфекциялардан қорғайтын қасиетін сақтап, артық және зиянды заттардан толықтай тазартады. Одан кейін препараттың қауіпсіздігі үшін зертханалық және клиникалық тексерулерден өтеді. Негізінде, вакцина вирусты аурулардың алдын алады. Вирустар екені егуден кейін де немесе одан бас тартқанда да ағзаға түседі. Ол ауруды мүлдем болдырмайды деген қате түсінік болмауы

лармен күресудің бірден-бір тиімді жолы – еке екендігі белгілі. Халықты вакцинациялаудың нәтижесінде жұқпалы аурулармен сырқаттану деңгейі төмендеді. Соңғы 10 жылда қызамық аурушандығы 264, қызылша 611, эпидемиялық паротит 10, «В» вирусты гепатит 5,1, «А» вирусты гепатит 89,6 есеге дейін төмендеді. Иммунизация жыл сайын 2-3 миллионға дейінгі өлім жағдайының алдын алады. Вакцинының адамзат үшін пайдасы – өлім-жітім мен жұмыс жарамсыздығын болдырмайды. Және мұның еліміздің экономикасына тиімділігін де атап өтуіміз керек.

Иммундау апталығында барлық топтағы азаматтарға вакцинының маңыздылығы түсіндіріледі. Бұрын есепке алынбаған, көшіп келген, тіркеусіз, тұрақсыз мекенжайда тұратындар және одан бас тартқандармен түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Вакцинының маңыздылығы тек инфекциялық ауруды алдын алумен ғана шектелмейді. Медицинада

аурулардың тарихына көз жүгіртсек, осыдан 30-40 жыл бұрын қызылша немесе дифтерия инфекцияларынан балалар өлімі көп болған. Көкжөтелмен ауырып жатыр екен дейтін де жиі естілетін. Бүгінде бұл аурулардың аты аталмайды. Бұл – екеннің оңды нәтижесі. Оның әсерінен күні бүгін талай аурулар жер бетінен жойылған. Жер шарындағы бар халықты жайлаған табиғи оспаның көзі алғаш рет тек 1978 жылы вакцинация көмегімен жойылды. Сондай-ақ, Қазақстанда 2000 жылдардан кейін дифтерия, полиомиелит аурулары тіркелкен жоқ. Елімізде вакцина егу жұмыстары тегін жүргізіледі. Басқа елден келгендерге де еке ақысыз. Ол үшін тіркелген немесе уақытша тіркелген емханасына барады.



керек. Вакцина – аурудың жеңіл өтуін ғана қамтамасыз етеді және кеселді асқындырмайды. Кез келген вакцина баланың ағзасында өтпелі реакция тудырады. Өтпелі реакцияға бола екеден бас тарту қателік.

**Соңғы уақытта елімізде балаларына еке салдыруға қарсылық білдірушілердің шоғыры пайда болды. Облыста 950 мыңнан аса балаға еке салынуы тиіс болса, соның ішінде 1000-нан астам бүлдіріштің ата-анасы еке жасатудан мүлдем бас тартқан. Олардың 73%-ы өзге діни ағымдағы, ал қалғандары вакцина туралы негатив ақпарат алған және оның мүлдем қажеттілігі жоқ, деген жеке көзқарастағы адамдар. Бұл облысымыздың иммунологтары келтірген мәлімет.**

Вакцина арқылы аурумен күресудің жолы.

Қазіргі уақытта инфекциялық ауру-

Ш.Т. Жумахан,

методист по социальным вопросам

**Туристам - на заметку!****АЛМАТЫ И АСТАНА ВОШЛИ В ТОП-10 ЛУЧШИХ ГОРОДОВ СНГ ДЛЯ ЗИМНИХ ПУТЕШЕСТВИЙ**

Аналитическое агентство ТурСтат по результатам анализа популярности тур-поездок зимой 2017-2018 годов составило рейтинг лучших городов СНГ для путешествий туристов, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на посольство Казахстана в Российской Федерации.



Алматы по данному показателю занимает второе место, Астана – на шестой позиции. Лидирует Минск.

Полностью десятка самых популярных направлений выглядит так: Минск (Беларусь), Алматы (Казахстан), Баку (Азербайджан), Ереван (Армения), Ташкент (Узбекистан), Астана (Казахстан), Брест (Беларусь), Бишкек (Кыргызстан), Кишинев (Молдова), Гянджа (Азербайджан).

В столицы стран СНГ туристы путешествуют в выходные дни, а также в туры на

горнолыжные курорты: Чимбулак в Казахстане, Шахдаг и Туфандаг в Азербайджане, Силичи и Логойск в Минской области.

По данным ТурСтат, туристы приезжают в города СНГ зимой в среднем на 4 дня и расходуют \$75 в сутки.

Для недорогих поездок в СНГ популярны Бишкек и Кишинев, а для отдыха люкс лидируют Баку и Астана.

источник: www.kazpravda.kz

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**  
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан  
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.  
**Адрес редакции:** 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.  
**Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)**  
**E-mail:** prz\_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz  
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 47/535. Тираж: 500 экз., объем-2 п.л., формат - А2, 8 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**  
**Технический редактор: Струментов А.В.**  
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: **+7-705-466-60-63**  
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

**ТУБЕРКУЛЕЗ**

**Отдел ветеринарии города Приозерск, представляет для сведения населения города информацию о болезни Туберкулез.**

Туберкулез – хроническая инфекционная болезнь, характеризующаяся образованием типичных узелков-туберкулов.

Устойчивость: в речной воде возбудитель сохраняется до 5 месяцев, в почве-1-2 года, в фекалиях и на пастбище- до 1 года, в масле и сырах, хранящихся на холоде-8-10 месяцев, в мясе- до 1 года. При нагревании молока до 70 С возбудитель погибает за 10 мин, при кипячении – за 3-5 мин.

Лучшие дезинфицирующие вещества: 3% раствор формальдегида (экспозиция 1 ч), взвесь хлорной извести, содержащая 5% активного хлора, 10 % раствор однохлористого йода, 20 % взвесь свежесваренной извести (трехкратная побелка с интервалом 1 ч).

**Основные эпизоотические данные:**

Источниками возбудителя инфекции служат больные туберкулезом животные, из организма которых возбудитель выделяется с молоком, фекалиями, истечениями из носа, иногда со спермой. Из 55 видов млекопитающих наиболее восприимчив к туберкулезу крупный рогатый скот. Факторы передачи возбудителя заболевания: корма, вода, пастбища, загрязненные выделениями больных животных.

**Течение и симптомы**

При естественном заражении инкубационный период продолжается 2-6 недель. Болезнь протекает в основном хронически и бессимптомно. Симптомы при туберкулезе разнообразны и зависят от поражения того или другого органа больных животных, поэтому болезнь выявляют в основном аллергическим или серологическим исследованием. Туберкулезные поражения обнаруживают послеубойном осмотре животных.

Различают легочную и кишечную формы.

**Постановка дифференциального диагноза**

Диагноз ставят на основании анализа эпизоотологических данных, клинических признаков и результатов аллергического, патологического, гистологического, бактериологического и биологического исследований.

Большое значение при патолого-анатомической экспертизе имеет обнаружение в легких бугорков-туберкул, казеозных очагов и каверн в легких, жемчужницы на серозных оболочках плевры, брюшины.

**Основные профилактические мероприятия**

Диагноз на туберкулез считают установленным, а хозяйство объявляют неблагополучным при подтверждении прижизненного диагноза, результатом патологоана-томического вскрытия, а при отсутствии изменений в органах или лимфатических узлах - по результатам бактериологического, гистологического и биологического исследований.

В благополучных хозяйствах все мероприятия направлены на недопущение заноса возбудителя инфекции. С этой целью запрещают ввоз животных, приобретение кормов, в том числе молока и обрат, из хозяйств, неблагополучных по туберкулезу. Не допускают к обслуживанию животных лиц, больных туберкулезом, и совместное содержание на одной территории с крупным рогатым скотом птицы. В плане противо-эпизоотических мероприятий предусматривают поголовные диагностические исследования на туберкулез животных начиная с 2-месячного возраста.

Ж. Касымбаева,

и.о.руководителя отдела ветеринарии

**ТАМ, ГДЕ ГАЗ – НУЖЕН ГЛАЗ**

31 октября 2016 года в городе Рязань Российской Федерации произошел взрыв газа в жилом доме, в результате чего было разрушено 2 этажа и 7 квартир, погибли люди.

С учетом наличия в нашем городе объектов различных форм собственности, использующих в своей жизнедеятельности сжиженный газ в баллонах, назрела необходимость вновь напомнить всем о том, что размещение баллонов внутри зданий, имеющих более двух этажей, не допускаются. Да и в 2-х этажных жилых домах, разрешается установка баллонов при наличии квартир не более 8-ми.

На основании п.1 ч.7 ст. 28 Закона «О газе и газоснабжении» и п. 43 Правил пожарной безопасности № 1077 от 09.10.2014 г., «использование и хранение газовых баллонов в зданиях, имеющих более 2 –х этажей, запрещается и влечет наказание до 5 МРП согласно п.1 ст. 410 КР КоАП».

Нельзя оставлять без внимания тот факт, что сжиженные газы являются газами с наиболее низкими пределами взрывае-



мости, при которых образуется способная воспламениться газозвоздушная смесь. Поэтому каждый, кто несёт неисправный баллон в квартиру многоэтажного дома, должен знать, что принёс бомбу для себя и своих соседей. Бесконтрольное горение сжиженных газов в помещениях или на открытых площадках может вызвать пожар, который представляет опасность для жизни и может привести к разрушению строений.

**Необходимо помнить, что ответственность за сохранность и исправное состояние газового оборудования в жилых домах несут их владельцы!**

С.Каленов,

главный специалист по ЧС аппарата акима города Приозерск

**ХАБАРЛАНДЫРУ \*\*\* ОБЪЯВЛЕНИЯ**

**ПАРКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»**  
**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру. Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81**  
**Время работы: с 10.00 час. до 19.00час.**  
**Выходной - Понедельник.**  
**На маникюр и педикюр запись по тел.: 8-771-699-32-89**